



Ембі ТЫНЫСЫ

№12 (117)
ЖЕЛТОҚСАН
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Баршаларыңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз!

Бұл – әлем халықтарына ортақ мейрам. Өткен жылды таразылап, жаңа жылға жоспарлар құратын, жаңа қадам жасайтын, жақсылыққа ұмтылатын мереке.

Өткен 2023 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін табысты жылдардың бірі болды. Жаз айларындағы МАЭК-те орын алған апатқа қарамастан, Ембі өңіріндегі кен алаңдарында өндірістік көрсеткіш орындалып, жылды еңбек қауіпсіздігі бойынша табысты аяқтауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, түрлі деңгейдегі жоспарланған іс-шаралар кезең-кезеңімен жалғасып, кеніштердегі әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстары жоспарлы түрде іске асты.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуы жолында Компания ұжымының белсенді қатысып жүргенін атап өткен жөн. Жыл сайын бұл мақсатқа облыстық, республикалық бюджеттерге қомақты қаражат аудару арқылы өңірдегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, әлеуметтік-қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асыруға мол үлесімізді қосып келеміз.

Келер күннен жақсылық күту – біздің қанымызда бар қасиет. Сондықтан да, жаңа жыл баршаңызға жақсылық, қуаныш ала келсін. Зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, әр күндеріңізге бақыт пен сәттілік тілейміз!

Жаңа жыл құтты болсын!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



ЕМБІЛІК ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Кадрлық потенциалдың сапасы мен қызметкерлерді дамытуға қатысты озық жүйелерді жетілдіруді басым құндылықтардың бірі ретінде айқындаған «Ембімұнайгаз» АҚ-да дәстүрлі «Жыл үздігі-2023» салтанатты шарасы өтті.

→ 4-5 БЕТТЕ



ҚАЗАҚСТАНДА РОЖКОВ ГАЗ КОНДЕНСАТТЫ КЕН ОРНЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

2023 жылы 21 желтоқсанда «Орал Ойл энд Газ» ЖШС Батыс Қазақстан облысында Рожков газ конденсатты кен орнын өнеркәсіптік пайдалануға берді. Компанияның 50% үлесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа тиесілі.



Өнеркәсіптік пайдалануға беру рәсіміне бейне байланыс режимінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов, MOL Group компаниясының барлау және өндіру жөніндегі атқарушы вице-президенті Жомбор Мартон, Sinopec International Petroleum Exploration & Production Corporation компаниясының басқарма төрағасы Го Юэлян қатысты. Кен орнын Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев, MOL Group Ресей/Қазақстан бас директоры Евгений Лапшин және First International Oil Corporation

Limited (Sinopec компаниясының еншілес кәсіпорны) компаниясының вице-президенті Чжао Вэньминь іске қосты. Кен орнында жылына шамамен 1 млрд текше метр газ, 500 мың тоннадан астам конденсат өндіру мүмкіндігі бар, ал сұйытылған көмірсутекті газ өндірісінің деңгейі 150 мың тоннаға жетеді. Кен орнынан алынған шикі газ «Жайықмұнайгаз» ЖШС газ өңдеу кәсіпорнына беріледі, өңделген тауар газы ішкі нарыққа жеткізіледі.

«Рожков» табиғи газ көлемінің қосымша көзіне айналады. Кен орнында өндірілетін шикізат «Жайықмұнайгаз» компаниясының кәсіпорнында өңделетін болады. Жоба шетелдік серіктестермен бірлесе жүзеге асырылады, бұл олардың тәжірибесін қажетті жобалық шешімдерді әзірлеу мен енгізу кезінде қолдануға мүмкіндік береді», - деп атап өтті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайылов.

«Бытыр қазан айында энергетика саласын дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы тауар газы өндірісінің көлемін арттыруды тапсырды. Біз биыл мамыр айында Оңтүстік Ақсай кен орнын, желтоқсан айының басында Шығыс Өріктау кен орнын іске қостық, ал жыл соңында Рожков кен орнын пайдалануға беріп отырмыз. Бұл жоба Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. «Орал Ойл энд Газ» ЖШС жұмысы мен қызметтеріне кем дегенде 74% жергілікті мамандар тартылған. Жобаға құрылыс кезінде 450-ден астам адам жұмылдырылса, 80 тұрақты жұмыс орны ашылды», - деп атап өтті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

«Sinopec компаниясының атынан Рожков газ кен орнында ресми түрде коммерциялық өндіру жұмысының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстан Үкіметіне жұмыс барысында тұрақты қолдау көрсетіп келгені үшін, сонымен бірге операциялық компанияның («Орал Ойл энд Газ») басшыларына атқарылған жұмыс үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз», - деп атап өтті Sinopec International Petroleum Exploration & Production Corporation компаниясының басқарма төрағасы Го Юэлян.

«Біз Қазақстан мен Мажарстан үкіметінің MOL компаниясының қазақстандық мұнай-газ секторындағы қызметін екі ел арасындағы ынтымақтастықтың экономикалық жобалар арасындағы озық үлгісі ретінде мойындағанын жоғары бағалаймыз. MOL және «Орал Ойл энд Газ» командасына, сондай-ақ серіктестерімізге, екі елдің үкіметіне бірлескен жұмысы үшін алғыс білдіреміз», - деп атап өтті MOL Group компаниясының барлау және өндіру жөніндегі атқарушы вице-президенті Жомбор Мартон.

«Орал Ойл энд Газ» ЖШС үлескерлері – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (50%), Мажарстанның MOL Caspian Oil and Gas Plc. (27,5%) компаниясы және Қытайдың First International Oil корпорациясы (22,5%).

www.kmg.kz

Итоги по безопасности и охране труда за 11 месяцев и прогнозные за 12 месяцев 2023 года были подведены на заседании Комитета по производственной безопасности, охране труда и окружающей среде (далее ПБ, ОТ и ОС) с участием начальников НГДУ и директоров департаментов. Главные инженеры и линейные руководители производственных структурных подразделений присутствовали в режиме онлайн.

ВМЕСТЕ – ЗА БЕЗОПАСНЫЙ ТРУД



Открывая заседание, генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Сабит Арынов отметил, что компания завершает год не только хорошими показателями по добыче нефти, но и в области производственной безопасности и охраны труда. Первый руководитель ЭМГ в очередной раз напомнил о необходимости глубокой приверженности каждого сотрудника Компании принципам безопасности. Все работники Эмбы должны прилагать усилия для недопущения несчастных случаев на производстве. Если правила безопасности нарушены, то должны быть предприняты незамедлительные меры по остановке опасных работ и устранению возникших угроз.

С показателями по ПБ, ОТ и ОС за 11 месяцев текущего года ознакомил собравшихся и.о. главного технического руководителя по охране труда, промышленной безопасности и охране окружающей среды Ануарбек Каримов. В сравнении с аналогичным периодом 2022 года, положительная динамика налицо: количество несчастных случаев – 1 (2022г.-3), ДТП - 0 (2022г.-1). Благодаря постоянной профилактической работе, не допущены смертельные случаи, связанные с производством и пожарами. Перевыполнен план по заполнению карты «Жорғау»: за 11 месяцев 3799 (план 2023г. - 3480). К слову, за последние 5 лет отмечается снижение уровня несчастных случаев на производстве. Однако, это не повод для расслабления. Безопасное производство продолжает оставаться приоритетом № 1, а люди - главной ценностью.

После были заслушаны отчеты руководителей ПСП за вышеуказанный период и обсужден ход исполнения протокольных поручений.

В завершение заседания генеральный директор АО «Эмбаунайгаз» Сабит Арынов поздравил всех с наступающим Новым годом и пожелал в 2024 году не сбавлять темпы в направлении достижения нулевых показателей в области производственной безопасности и охраны труда.

ТАҒАЙЫНДАУ

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның директорлар Кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 11 желтоқсанынан бастап, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі болып, Қайрат Жаншаұлы Әбенев тағайындалды.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 28 желтоқсаннан бастап Амангелді Тасқынбайұлы Сүлейменов «Кайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы лауазымына тағайындалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас директорының (Басқарма төрағасының) бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 26 желтоқсаннан бастап Қайнар Құлмағанбетұлы Қоланов «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бас технология лауазымына тағайындалды.



«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ – ҮЗДІК САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ



2022 жылдың қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ «Үздік салық төлеуші» байқауында «Жер қойнауын пайдаланушы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Салтанатты шара барысында Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Бекен Шанаев «Ембімұнайгаз» АҚ бас бухгалтері Нұрбол Махамбетовке диплом мен статуетка табыстады.

Атап өткен жөн, 2022 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Ұлттық қорға, республикалық және жергілікті бюджетке барлығы 161 миллиард теңге салықтар мен төлемдер аударды.

Байқаудағы жеңіс үшін алғыс білдірген Нұрбол Махамбетов салық міндеттемелерін сапалы және уақытылы орындау «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы мен жауапты мамандарының үйлесімді және

кәсіби жұмысының нәтижесі екенін атап өтті.

Бұл аталымда үздік салық төлеуші төмендегідей критерийлер бойынша сараланатынын айта кетелік:

- бюджетке салықтар мен әлеуметтік төлемдердің уақытылы түсуі;
- салық берешегі жоқ;
- салық міндеттемелерінің бұзылмауы;
- салық бойынша айыппұл салынбауы;
- салық хабарламаларын уақытылы ресімдеу;
- салық есептілігін уақытылы және сапалы ұсыну;
- демеушілік, қайырымдылық шаралары және т.б.

КЕЗДЕСУ



БАСҚОСУ ТАҚЫРЫБЫ – ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР МЕН ЖҰМЫСШЫЛАР САУАЛЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған Компания басшылығынан құралған топ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымымен кездесті. С.Балғымбаев кен алаңында ұйымдастырылған басқосуда Бас директорын өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов, кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев, «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев және өзге де салалық жауапты мамандар қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарды кеңінен талқылап, жауап берді.

Кездесу барысында жұмысшылар алдында Компания басшысы 11 айдағы көрсеткіштерді жариялады. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік салалары бойынша адам шығыны болмағаны және көрсеткіштердің оң динамикада сақталуы жолындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін атаған Бас директор есепті мерзім ішінде аталған басқармада жол-көлік оқиғасы мен өрт тіркелмегенін жеткізді.

Қауіпсіздіктің аса маңызды екенін атаған Сәбит Арынов ЕМГ қолданысқа енгізген «Сапарларды басқару» жобасының тиімділігіне де тоқталып, ереже, талап ортақ болғандықтан, мердігер мекемелердің де осы мәселеге бей-жай қарамауы маңызды екенін айтып өтті. Сонымен қатар, жеке көлікпен қатынауының да қауіпсіздік талаптарының бұзылмауы жолында мәні зор екенін қадап айтты.

Өндірістік көрсеткіштерді жариялаған Компания басшысы 11 ай ішінде мұнай өндірудің нақты көлемі 99,4%-ды құрағанын айтты. Бұл орайда ГПЭС/ГТЭС енгізудің салалық министрлік тарапынан енгізілген мораторий талаптарына сай, 2024 жылдың I тоқсанына шегерілгенін және МАЭК-тегі апат салдарының да әсері болғанын атай кеткен жөн. Қара алтынды тапсыру көлемі – 100,2%. Геология-техникалық іс-шаралар нәтижесінде 15,5 мың тонна артық өндіруге қол жетті. Сәбит Әбілдаұлы бұл көрсеткіштерге қол жеткізу, ортақ мүдде жолындағы жұмысшылар еңбегін атап өтіп, бірлескен жұмыстары және көптеген қоғамдық іс-шараларға қатысудағы белсенділіктері үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар, өндірістік жұмыстардың қалыпты жүргізілуі, жұмысшылар үшін қолайлы жағдайлар туғызу бағытында қолға алынған іс-шаралар мен алдағы жоспарларды да жария етті.

Жалпы жұмыстар қатарында «Қорғау» картасын толтыруға да назар аударған жөн. Өйткені, кез-келген апатты жағдайдың алдын алуда бұл іс-шараның мәні зор. «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасында 831 карта толтырылып, 143 қызметкер үздік толтырғандар ретінде сыйақы иеленген. Бұл ретте аталған басқарма қызметкері Ерболат Қуанышалиевтің арнайы марапат алғанын да атап өтелік.

Айта кетейік, еркін форматта өткен жиын барысында жұмысшылар өз сауалдарын қоюға мүмкіндік алды. Осы тұста атай кеткен жөн, Компанияға қарасты барлық басқармалардағы

еңбек ұжымдарымен кездесулер осыған дейін «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының негіз болуымен де өткізілген еді. Сол басқосуда да жұмысшылар тарапынан түскен сауал, ұсыныстар жинақталып, қазіргі таңда жұмыс беруші тарапқа жеткізілген. Бұл туралы кеңінен айтып өткен кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев басшылықпен бірлесе жиын өткізу көптен жоспарланып, бүгін сәті түсіп отырғанын жеткізді.

Кездесу барысында әр алуан тақырыптар қозғалды. Мәселен, жұмысқа орналасу, ішкі іріктеу талаптары, категория алу тақырыптары қозғалды.

Тілек Шалабаев жолаған сауалдың негізгі мәні – ата-анасы зейнеткерлік жасқа жеткен кезде орнына балаларын алу. Бұл сұраққа жауап берген Компания басшысы Сәбит Арынов аталған тәсіл бұрын кең қолданыста болғанымен, қазіргі таңда әр оқиғаның жеке-жеке қарастырылатынын жеткізді. «Жалпы бұл мәселе көп көтеріледі. Мәселен, жыл ішінде Компанияға қажетті 150-160 вакансия жарияланса, 2000-нан астам адам тіркеліп тұрады. Сондықтан, барлық өтінішті толық қанағаттандыруға мүмкіндік жоқ. Әр мамандықтың өз

QSamruk.kz және Enbek.kz порталынан үміткерлер қарастырылатынын жеткізді. Сонымен қатар, Компанияның emba.kz сайтында жұмысшы позициясына үміткерлер қажетті бағытта түйіндемелерін жүктей алатынын түсіндіріп өтті.

«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасы орналасқан аумақтағы жер батпақты, жаңбыр жауса, қатынас қиындайды. Осы мәселені көтерген жұмысшылардың сауалына орай, жол салу жұмыстары бесжылдық жоспарға енгізілгені айтылды. «Жалпы айтқанда ең алдымен, әлеуметтік сала, өндірістік нысандарға қаражат бөлуге тырысамыз. Басқарма аумағында да бұл бағытта көптеген жұмыстар қолға алынды. Техникаларды жаңарту мәселесін де назарда ұстаудамыз. Жол сапасын түсінеміз, сондықтан, биыл жол талғамайтын 2 арнаулы көлік алынды. Кезек күттірмейтін мәселелерді шешуге барынша назар аударамыз. Жоспарда бар, сәйкесті жұмыстар жүргізіледі» деді Бас директорын өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов.

Көтерілген мәселелер ішінде тест тапсыру жайы да болды. «Ішкі ауысу, разряд алуға да тест тапсырамыз. Осы тәсілді алып тастауға болмай



талаптары бар. Жоғары білім болса, мамандыққа сәйкес келсе, тестке шақырылады. Ал, сіз атаған мәселе арнайы комиссияда қаралады. Әр сұрақ жеке қарастырылады» деді Компания басшысы. Тақырыпты толықтырған Қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөлімінің бастығы Алтынай Берегова соңғы статистикалық деректерге сай, осы секілді өтініштер негізінде 35 адам жұмысқа қабылданғанын жеткізді. Бекітілген ереже бойынша қажетті мамандық иелері іздестірілген кезде, ең алдымен ішкі іріктеу жүргізіледі. Біліктілік талаптарына сәйкес үміткер табылмаған жағдайда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы қызметкерлері арасынан қарастырылады. Бұл ретте де сәйкес үміткер болмаған жағдайда,

ма?» дейді жұмысшылар. Жауапты мамандар бұл негізгі талап екенін атап өтті. Сонымен қатар, тест тапсырып жұмысқа алынғандар арасында тәжірибелік білімі жоқ болатындары да айтылды. Бұл ретте мамандар алдағы уақытта практикалық дағдыдан өту қарастырылатынын атады.

Кездесу барысында өзге де сауалдар талқыланып, салалық мамандар нақты ұсыныс, жауаптарын ұсынды.

Өз кезегінде жиын қатысушылары басшылықпен тікелей байланысып, көкейлеріндегі сауалдарға толыққанды жауап алуға жасалған мүмкіндік үшін алғыс білдірді.

Айта кетейік, Компания басшылығының жұмысшылармен кездесуі басқа ұжымдарда да жалғасады деп жоспарлануда.

БӘРЕКЕЛДІ!

«ЖАЙЫҚ» АЭТ – ЖАҢА ҒИМАРАТ

Ел көлемінде аталып өтетін кәсіби мереке – энергетиктер күні қарсаңында «Жайық» аудандық электр торабының жаңа ғимараты пайдалануға берілді.



Көптен күткен қуанышпен бөліскен «Жайық» аудандық электр торабының басшысы Нұрқұат Тілеповтың айтуынша, 1968 жылы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылған кезде дизельді станция болған. Кейін өндіріс кең қанат жайып, ток көзі жеткізілген кезде ғимарат электростанцияның кеңсесіне айналды.

«Күні бүгінге дейін сол кішкентай ғана ғимаратта болдық. Ал, 2000 жылы «Ембімұнайэнерго» басқармасы ашылған кезде балқан салынды. Қасында шағын кеңсе болды. Ал, таяуда ғана тапсырылған жаңа ғимаратта кеңсе мен өндірістік нысан орналасқан. Сыртқы жарығы мен асфальты да қарастырылған. Заманауи, ішінде мамандарға арналған жұмыс бөлмелері бар, кең. Жұмыс станоктары, 3,2 тонналық жүк көтеру краны, 1 арнайы көлікке лайықталған гараж бар. Яғни, барлық жағдай жасалған.



Ескі ғимараттың мәселесі туралы соңғы 4-5 жылда айтылып, күн тәртібінде көтеріліп жүрген еді. Енді міне Компания басшылығының қолдауымен сәтті жүзеге асып, жаңа да қолайлы, заманауи ғимаратқа көштік. Ұжымымыздың атынан «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығына алғыс айтамыз.

Тағы бір тиімді тұсы, жаңа ғимарат С.Балғымбаев кен алаңының кіре берісінде, қосалқы станцияның қасында орналасқан. Демек, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға, шұғыл әрекет етуге өте ыңғайлы» дейді Нұрқұат Төлеуұлы бізбен әңгімесінде.

Айта кетейік, қазіргі таңда «Жайық» аудандық электр торабында 72 қызметкер еңбек етуде. Көпшілігі вахталық әдіспен жұмыс жасайды. 40 жылдан астам осы салада тер төгіп келе жатқан, еңбек жолын электромонтер болып бастаған Н.Тілепов бірлігі бекем ұжымда еңбек ететіндердің тәжірибелі мамандар екенін айтып өтті. «С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 4 студенті өндірістік тәжірибеден өтіп, оқуларын аяқтаған соң, қатарымызға маман ретінде қосылды. Әрқашан білгенімізбен бөлісуден қашпаймыз. Өйткені, мүдде – ортақ» дейді ол.



Жалғасы. Басы 1- бетте

Үздік қызметкерлер жыл ішінде жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша анықталды. Ал, озаттардың есімі аталатын «Жыл үздігі-2023» шарасы – жылдың қорытындысы.

Салтанатты шарада 10 номинация бойынша жеңімпаздарға статуеткалар тапсырылды. Үздіктерді анықтау барысында қызметкердің жалпы еңбек өнімділігінің көрсеткіштері, өндірістік тапсырмалардың тұрақты орындалуына қосқан жеке үлесі, кәсіби шеберлік деңгейі, қауіпсіздік техникасы саласы талаптарының қатаң сақталуы жолындағы үлесі, ұжымдағы беделі және рационализаторлығы секілді бірнеше мәселелер негізге алынып, сараланды.

«Жыл үздігі» байқауы – кәсіби шеберлікті және өндіріс процесіне ерекше үлес қосқан қызметкерлерді анықтау үшін қолға алынған жоба. 2020 жылы бастау алған аталмыш жоба биыл төртінші рет ұйымдастырылуға. Табысты еңбекке берілетін «Жыл үздігі» марапаты үздік қызметкерлерді анықтап қана қоймайды. Бұл – мамандарды ынталандыру мақсатында үлкен мотивация деп бағалаймыз. Қызметкерлердің күнделікті жұмысын табысты орындау жолындағы белсенділіктері басшылық тарапынан әркез ескеріліп, жоғары марапаттарға лайық деп бағаланады.

Табысты еңбек дер кезінде бағалануымен құнды. «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін басты құндылық – еңбек адамының жағдайын жақсарту. Біз бұл ойды әрдайым айтып жүреміз. Іс жүзінде дәлелдеп те жүрміз. Бүгінгі шара – соның айғағы» **деді «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов.**

Ембілік жылы



«ЖЫЛ ТАҢУЫ»:

Дүйсембай ЕРЖАНҒАЛИЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы,

Компания мүддесі жолындағы табысты және көпжылғы еңбегі үшін;



«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ТОП-МЕНЕДЖЕРІ»:

Қайрат КӨЗОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары,

Горизонталды бұрғылау іс-шараларын енгізудегі және ұңғымаларды күрделі жөндеу тиімділігін арттырудағы жеке үлесі үшін;



«ЖЫЛ СЕРІКТЕСІ»:

Дінмұхамед ШӘРІПБАЕВ,
«Қазмұнайгаз-Бұрғылау» БК ЖШС Бас директоры,
«Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында горизонталды ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын ұйымдастырудағы жемісті әріптестік байланыс пен жоғары кәсіби деңгейі үшін;



«ҮЗДІК РАЦИОНАЛИЗАТОР»:

Нұрпейіс ҚАРАБАЛАЕВ,
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Құсары» АЭТ учаске бастығы,

Биіктікте жасалатын жұмыстарда қолданылатын құрал-жабдықтарды сынауға арналған механикалық стендті үздік әзірлегені үшін;



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Камбар ЖУЛАЕВ,
«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Доссордағы мұнайды дайындау және айдау цехының бастығы,
Өндіріске жана технологияларды енгізу жобаларын жүзеге асырудағы жеке үлесі мен табысты еңбегі үшін;



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Жансерік СӘКЕНОВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының газ дайындау және күкірт алу цехының бастығы,
Табысты еңбегі және өндірістік жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етуге қосқан мол үлесі үшін;



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Әділжан ҚАДРАЛИЕВ,
«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының №3 мұнай және газ өндіру цехының бастығы,
Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді және жеке бастамасы үшін;



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Еркін ӘБДЕП,
«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының бастығы,
Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді және жеке бастамасы үшін;



үздіктері анықталды



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Нұрқат ТІЛЕПОВ,

«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Жайық» аудандық электр торабының бастығы,

Мұнай кәсіпшілігі объектілеріндегі электр желілері мен энергетикалық жабдықтарын ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын, қауіпсіздік ережелері мен стандарттарының талаптарына сәйкес өндірістік процестерді қауіпсіз жүргізу жұмыстарын сапалы ұйымдастырғаны үшін;



«ҮЗДІК ЦЕХ БАСТЫҒЫ»:

Дастан ҚАЙЫРҒАЛИЕВ,

«Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ТМҚ бақылау жүргізу участісінің бастығы,

Өндірістік көрсеткіштерді орындаудағы жеке бастамасы, база нысандарының сенімді қорғалуын қамтамасыз еткені, нысан ішіндегі режимдердің қатаң сақталуын жіті бақылағаны үшін;



«ҮЗДІК ШЕБЕР»:

Әлібек ҒАБДУЛҒАЗИЕВ,

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының №1 бригадасының мұнай-газ және конденсат өндіру шебері,

Өндірістік көрсеткіштерді орындау, жұмысты ұйымдастырудағы және мұнайды дайындау және айдау кезінде технологиялық сорғылардың күрделі жөндеу мерзімін ұлғайтудағы жеке бастамасы үшін;



«ҮЗДІК ШЕБЕР»:

Серік ЖҰМАҒАЛИЕВ,

«Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу шебері (күрделі, жерасты),

Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді, жеке бастамасы және ұңғымаларды жерасты жөндеу бойынша жоспарланған іс-шараларды орындау жұмыстарын ұйымдастырғаны үшін;



«ҮЗДІК ШЕБЕР»:

Темірболат КАЛИДУЛЛИН,

«Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының №3 мұнай және газ өндіру цехының мұнай-газ өндіру және конденсат шебері,

Өндірістік мәселелерді шешудегі белсенді, жеке бастамалары және Жаңаталап кен орнындағы геологиялық-техникалық іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін;



«ҮЗДІК ШЕБЕР»:

Жомарт МЕКЕБАЕВ,

«Кайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының (күрделі, жерасты) ұңғымаларды жөндеу шебері,

Өндірістік мәселелерді шешудегі жеке, белсенді бастамалары үшін;



«ҮЗДІК ТӨЛІМГЕР»:

Гүлнар КӨШКІМБАЕВА,

«Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының Мақат мұнай дайындау және айдау цехының инженер-химигі,

Жас мамандарды дайындаудағы көпжылдық еңбегі және белсенді араласуы үшін;



«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРІ»:

Нұрбол МАХАМБЕТОВ,

Бас бухгалтер,

Қоғамның салықтық және қаржылық есебін уақытылы тапсырудағы жұмыстарды сапалы ұйымдастырғаны үшін;



«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРІ»:

Жәнібекбай ТӨЛЕГЕНОВ,

Бас энергетик,

Газпоршенді және газтурбиналы электростанцияларды қолданысқа енгізу арқылы шикі газды утилизациялау және кен алаңдарының ішкі қажеттіліктеріне қолдану жобаларын енгізудегі жеке үлесі үшін;



«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕНЕДЖЕРІ»:

Әділ ШАГИЛБАЕВ,

Бас механик,

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ біріктірілген газ өңдеу қондырғысында LO SAT реакторын жасау және іске қосу жобасын іске асыруға қосқан жеке үлесі үшін;



«ЖЫЛ БАСШЫСЫ»:

Асхат АТРАУОВ,

«Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының бас инженері,

Басқарманың өндірістік жоспарын орындауға қосқан елеулі үлесі үшін, Талғайран участісіндегі абаттандыру жұмыстарын үйлестіргені үшін;



«ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕР»:

Елена МАВРЕШКО,

«Ембімұнайгаз» АҚ маркетинг және өткізу бөлімінің жетекші маманы,

Тарифтік кестені ескере отырып, мұнай ағынының бағытын тиімді бөлу арқылы мұнай тасымалдау шығындарын үнемі жұмыстарын ұйымдастырғаны және жеке үлес қосқаны үшін.

ФОРУМ

ҰЖЫМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

2023 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ мен барлық портфельдік компанияларында және олардың жабық еншілес ұйымдарында омбудсмен штаттары жүйесі қалыптасты. Бүгінде барлық іргелі кәсіпорындарда бітімгершілікке әкелетін жүйе қолданысқа енгені жөнінде хабардарсыздар. Бұл жөнінде «Ембі тынысы» газетінде кеңінен жазылып, жаңа әдіс туралы жан-жақты таныстырылған болатын.

Жақында Шымкент қаласында «Самұрық-Қазына» АҚ-на қарасты ұлттық компаниялар мен кәсіпорындар қызметкерлері, омбудсмендер, HR құрылымдарының басшылары мен кәсіподақ белсенділері, жалпы саны 200-ге жуық қатысушылары бар республикалық форум өтті. Онда омбудсмендер құрылымы биыл ашылғаннан бері атқарған қызметтері туралы талқыланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ-ның омбудсмені Серікбай Трумов аталған форумның мақсаты – өндірістік қызмет процесінде туындайтын даулы мәселелерді бірлесіп шешу жүйесін құру екенін атап өтті. Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының бас директоры Е.Өмірзақов әлеуметтік және еңбек дауларының ықтимал кезеңінде тараптарды татуластыруды жүзеге асырудың жаңа жүйесін таныстырды. Сонымен қатар, «Казатомпром» ҰАК» АҚ-ның Әлеуметтік жұмыс жөніндегі департаментінің директоры Ж.Кожағалидинаның «ҰАК-ның әлеуметтік тұрақтылықты қолдаудағы тәжірибесі туралы», «Қазақстан Темір Жолы ҰК» АҚ-ы аппаратының басшысы С.Кеудімбаевтың «ҚТЖ ҰК» АҚ-ның 2022-2023 жж. қорытындылары туралы», «Ембімұнайгаз» АҚ-ның омбудсмені Н.Ожаевтың «Еңбек және әлеуметтік даулардың алдын алу мақсатындағы қызмет бағыттары туралы», «Қазақтелеком» АҚ-ның операциялық тиімділік жөніндегі Бас директоры Б.Битабаровтың баяндамалары тыңдалды.

Форумда «Ембімұнайгаз» АҚ-ы омбудсменінің атқарған жұмыстары мен қызмет тетіктері туралы таныстырылым жасалды. Еңбек-әлеуметтік даулар мен жанжалдардың алдын алу, жалпы

ахуалды бағамдау мақсатында омбудсмен аталған Қоғамның барлық басқармаларында 37 еңбек ұжымдарымен кездесу өткізіп, қажеттілігіне қарай мұнайшылар арасында 7 көшпелі қабылдау ұйымдастырылды. Онда 13 адамның өтініші тыңдалды. Сондай-ақ, қоғам мен мердігер ұйымдардан құжат айналысы және тікелей хабарласу арқылы 26 арыз-шағым, өтініш-ұсыныстар қаралып, тиісті жауап, кеңестер берілді. Омбудсменнің қызметтік тетігінің бірі – өз алдына дербес электрондық поштасына 14 өтініш қабылданып, арнайы қондырылған «Сенім телефонына» 42 өтініш тіркелді. Мамыр-қараша айларында барлығы 103 арыз-шағым қаралды.

Акционерлік қоғамның өндіріс орындарындағы әлеуметтік жағдайларды зерделеу мақсатында вахталық әдістегі жұмысшылардың жатақхана, тамақтандыру, тасымалдау, басқа да тұрмыстық жағдайлары үнемі назарға алынған. Тек биылдың өзінде мұнайшылардың еңбек жағдайларын жақсарту үшін 1 млрд. 119 млн. теңгенің мобильдік құрылғылары мен жабдықтары сатып алынды, 2023-2025 жж. аралығында кен орындарында жалпы сыйымдылығы 516 орынды 7 асхана құрылысы қолға алынды, 2025 жылдан бастап, сыйымдылығы 380 орынға 6 жатақхана құрылыстары жоспарланды.

«Қазақстандық мұнай-газ салалық кәсіптік Одағы» қоғамдық бірлестігімен де, оған қарасты осы Қоғамның кәсіподақ филиалымен де қарым-қатынас орнатылды. Қазіргі таңда 6 өкілдік пен 1 бастауыш ұйымымен 4516 мүшені біріктіретін кәсіподақ комитетімен байланысының негізгі мақсаты – ұжымдағы іскерлік ахуал, өзара ынтымақ, әлеуметтік тұрақтылық. Атал-

мыш кәсіподақ комитеттері төрағаларымен 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық келісім-шарттың орындалысы және оған қосымша үнемі жетілдіру мақсатында ұсыныстар мен пікірлер жинақтау, әлеуметтік және денсаулықтарын қорғау жағдайы, жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі аясында түрлі форматта 9 кездесу өткізілді. Кәсіподақ пен омбудсмен арасында ұжымшілік қызметтер мен деректер алмасу аясында бір-бірін толықтыру тәжірибесі оң нәтиже қалыптастырды. Мәселен, басқармалардың цех ұжымдарындағы кездесулер, кәсіподақ жетекшілері кеңестерінде пікір алмасулар, кен орындарындағы бірлесе аралау мен көшпелі қабылдау шараларын тұрақты өткізу жаңғыртылды. Қолға алынған шараларды мұнайшыларға кеңірек таныстыру мақсатында «Ембі тынысы» корпоративті газетіне интервью ұйымдастырылып, компанияның басым көпшілік қызметкерлері тіркелген Telegram чат арқылы берілген сұрақтарына 21 түсіндірме жауап берілді.

Айта кету керек, «Самұрық-Қазына» қорының арнайы Орталығы 2023 жылдың I жартыжылдығы қорытындысымен кәсіпорындардағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін бағалау мақсатында 511 қызметкермен тәуелсіз сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде, қатысқандардың 45%-ы омбудсменнің көмегіне жүгінгенін көрсетсе, оның 79%-ы өз мәселелерінің толық шешімін тапқанын растады.

Басқосу соңында, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративті басқару, әлеуметтік-еңбек қатынастары және еңбек қорғау жөніндегі басқарушы директоры Фибрат Ауғанов Кор тобындағы



компаниялар Қазақстандағы ең ірі жұмыс берушілер екенін атап өтіп, «бүгінгі Форумда еңбек ұжымдарын біріктірудің және осы мақсаттағы жұмыстарымызды

үйлестірудің ортақ бағытын айқындау арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету – түпкі нәтиже болып табылады» деп қорытындылады.

АРДАГЕР

ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕККЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы Ембі өндірісінің қалыптасып, дамуы жолында өзіндік үлестерін қосқан ардагер мұнайшылардың есімдерін ұлығылап, ұзақ жылғы еңбектерін әркез ескеріп отырады. Еңбек адамының өміріне, соның ішінде ардагерлердің үлестеріне басымдық беріп келеді. Біздің компания үшін құндылық – қарапайым еңбек адамы.

Осы орайда, еңбек жолын 1956 жылы қарапайым жұмысшылықтан бастап,

сол кездердегі «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінде ұзақ жылдар еңбек еткен Жібек Дюсалиева 2 ұл, 4 қызды тәрбиелеген күміс алқа иегері атанған еді. Алты баланың анасы, немерешөберелерін көре қалған күміс алқа иегері Жібек Қазықызы 2023 жылдың 21 қарашасында өмірден озды. Көзі тірісінде өзінің ұзақ жылғы еңбегін арнаған ұжымы – «Эмбанефть» өндірістік бірлестігінің құрметті зейнеткері ретінде әртүрлі марапаттарға да ие болып еді.

Бүгінде мұнайлы өңірдің экологиялық жағдайын сақтау барысына үлес қосып жүрген ұлы, Халел Досмұхамедов

атындағы Атырау университеті «Каспий» қоршаған ортаны қорғау және мониторинг зертханасының меңгерушісі Махамбет Жексенов анасының еңбегін ұмытпаған ембілік мұнайшыларға алғысын білдіреді.

«Менің анамның Ембі өндірісінде өткен ұзақ жылғы еңбек өтілін ұмытпаған ембіліктер оның есімін әркез ескеріп отырады. Анамның социалистік еңбек ардагері, «Қазақстан мұнайының 120 жылдығы», «Ембі өндірісінің 100 жылдығы» төс белгілеріне ие болуы қарапайым еңбек адамының табысты еңбек жылдарына берілген жоғарғы баға деп есептеймін, – дейді ембілік ардагер Жібек Дюсалиеваның ұлы М.Жексенов.



СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН

Салауатты өмір салтын әркез насихаттайтын ембілік мұнайшылар арасында Тәуелсіздік күніне орай спартакиада өтті. Спорттың 8 түрінен өткізілген сайыста «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері екі күн бойы бірнеше тартысты да қызықты ойындар өткізіп, әр аталым бойынша жеңімпаздарды анықталы.

Шағын футбол, волейбол, киберспорт, бильярд, тоғызқұмалақ, шахмат сайыстарымен қоса, асық ату, бес асық ұйымдастырылды. Айта кету керек, соңғы аталған спорт түрлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ спартакиадасына биыл қосылған. Шілде айында Ақтау қаласында өткен осы жарыста «Ембімұнайгаз» АҚ спортшылары күміс жүлдегер атанған болатын.

Спартакиада қорытындысы бойынша, әр сайыс түрінен жеңімпаздар есімін жариялап отырмыз.

БЕС АСЫҚ:

- 1 орын – Әния Баймағанбетова, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 2 орын – Жанат Арыстанова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Марта Қарғабаева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

АСЫҚ АТУ:

- 1 орын – Дастан Әділбекұлы, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 2 орын – Ернұр Жұмағалиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Серік Әбілғазиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

ШАХМАТ (ерлер):

- 1 орын – Асылбек Ғаллам, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 2 орын – Ерболат Жұмағалиев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Нұржан Бисаханов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

ШАХМАТ (әйелдер):

- 1 орын – Ақмарал Усалиева, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 2 орын – Гүлшат Жұмағалиева, «Доссормұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Жұмагүл Қанашева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ (ерлер):

- 1 орын – Бақытжан Нұртазаев, Басқару аппараты;
- 2 орын – Сырым Мұратов, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Рахымжан Теміров, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ (әйелдер):

- 1 орын – Айнұр Меңдібай, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;
- 2 орын – Гүлзира Алдашбаева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Айна Аймақова, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

БИЛЬЯРД:

- 1 орын – Мақсат Жылқайдаров, Басқару аппараты;
- 2 орын – Ғабиден Шанқанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;
- 3 орын – Самат Искариев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

КИБЕРСПОРТ:

- 1 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы;
- 2 орын – Басқару аппараты командасы;
- 3 орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы командасы.

ВОЛЕЙБОЛ:

- 1 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ командасы;
- 2 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасы;
- 3 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы.

ФУТЗАЛ:

- 1 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ командасы;
- 2 орын – ӨТҚЖЖК басқармасы командасы;
- 3 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ командасы.



ӘР НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЖАРЫСТЫҢ ҮЗДІК ОЙЫНШЫЛАРЫ:

Бильярдтан «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясында Серік Төре («Жайықмұнайгаз» МГӨБ),

Бильярдтан «Арлагер ойыншы» номинациясында Марат Мусин («Доссормұнайгаз» МГӨБ),

Бильярдтан «Тез партия» номинациясында Тұрлан Мелекеев («Жайықмұнайгаз» МГӨБ),

Киберспорттан «Сұрмерген» номинациясы бойынша Нұрсұлтан Маликов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ),

Киберспорттан үздік ойыншы – Абай Бекболат (Басқару аппараты),

Волейболдан үздік ойыншылар: Бактыгүл Нұрқасимова («Доссормұнайгаз» МГӨБ), Болат Әділғалиев («Ембімұнайэнерго» басқармасы), Қуандық Калимов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Бернияз Тілемісов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ),

Футзалдан үздік ойыншылар: үздік қақпашы – Кенжехан Нарешев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), үздік қорғаушы – Ризабек Баесинов (ӨТҚЖЖК басқармасы), үздік шабуылшы – Бекназар Акмурзиев («Ембімұнайэнерго» басқармасы), үздік сұрмерген – Данияр Жәрдемөв («Доссормұнайгаз» МГӨБ), үздік ойыншы – Жалғас Шуақбаев («Доссормұнайгаз» МГӨБ) марапатталды.

НА ПЛОЩАДКЕ СОСТЯЗАНИЙ – СНАБЖЕНЦЫ



«Веселые старты» провела для своих сотрудников администрация управления производственно-технического обслуживания и комплектации оборудования (УПТОиКО) АО «Эмбаунайгаз». Спортивное мероприятие, целью которой стало укрепление корпоративного духа коллектива, прошло в физкультурно-оздоровительном комплексе «Атырау».

За звание лучших боролись 5 команд, представлявших участки управления. Игры прошли в 2 этапа: эстафетные игры, а также задания на логику и взаимодействие. «Веселые старты» получились по-настоящему веселыми и захватывающими. Дружная атмосфера, улыбки участников и болельщиков, спортивная конкуренция и азарт стали залогом зрелищного мероприятия. Победителям были вручены денежные призы.

Анара Гусманова, заведующая складом УПТОиКО: «Такие встречи развивают в нас чувство товарищества и соперничества, и конечно же, дружбы. Мне очень понравилось».

Әнет Қанат, монтер пути УПТОиКО: «Спартакиада способствует развитию командного духа в коллективе, сплачивает его и укрепляет отношения между сотрудниками. К тому же, это пропаганда здорового образа жизни».

Табалдырықтан енгелі тұрған жаңа 2024 жыл қазақтың жыл санауы бойынша – Ұлу жылы. Әр сәт, әр күннің ала келер жақсылығы болары сөзсіз. Сондықтан да, жаңа жылдың иесіне қатысты жасалған болжамдарды назарларыңызға ұсынбақпыз.

Қош келдің, 2024 Жаңа жыл!

Халқымыз «Тышқан жылы – тыныштық, сиыр жылы – сыйлық, барыс жылы байлық (бірлік), қоян жылы – қамбалы (құт-береке), жылан жылы – жайлы, жылқы жылы – жұтсыз, қой жылы – құтты, мешін жылы – мерейлі, тауық жылы – татулық, ит жылы – игілік, доңыз жылы – дүниелі» деп әр жылға жақсы ниетпен сипаттама берген. Сол сияқты ұлу жылын – «ұлы жыл», «үлгілі жыл» деп ерекше қастерлеп, құтты жылдың бірі деп санаған. Тарих бедерінде қалған жылдар қатарында ұлу жылында ел-жұрт кезіккен кедергі-қиыншылықтар да бар. Десек те, басым көпшілігінде бұл жыл жағымды, тыныш жылдар қатарында. Бұған қоса, «Ұлу жылы көтерілмеген он жылда да көтерілмейді» деген даналық нақыл жылдың елге қолайлы болатынын білдіреді.

Күнтізбедегі әр жылдың өзіне тән мінезі, ерекшелігі бар. Мәселен, ұлу құрлықта да, суда да жүретін болғандықтан, бұл жылы құрғақшылық болмайтыны айтылады.

Тіршілік иесінің денесі жұмсақ болғандықтан, бұл жылы жерге де, елге де жайлы болады, мол ырыс-несібе әкеледі деп есептеген. Өйткені, аталған тіршілік иесі бейбіт өмірді сүйеді, жайлылық пен тыныштықты қалайды.

Ұлудың стихиялық белгісі – ағаш. Жаңа жылдың элементі де осы. Ал, ағаш көп мағына береді. Яғни, жайлылық, сая, тыныштық. Ең бастысы, ағашқа күтім керек екенін ұмытпаған жөн. Олай болса, 2024 жылдың да халық үшін жайлы жылдар қатарынан

орын аларына сенім артамыз.

Айта кеткен жөн, жаңа жылды Айдаһар жылы деп те жорамалдайды. Аңыз-әңгімелерде айтылатын кейіпкердің жыланға қатысы бар екені де белгілі. Ал, қазақы жыл қайыруда жылан жылы бар. Бірақ, әлеуметтік желідегі жазбалар мен жыл символы саналатын кескіндеме, суреттерде айдаһар бейнесінің басымырақ екенін де жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан, осыған сүйене отырып, айдаһар

маңызды. Өмірін өзгерткісі келетін адамдар 2024 жылы жұмысында, қаржылық жағдайы мен жеке өмірінде айтарлықтай жақсы өзгерістерге қол жеткізеді.

Көптеген адам үшін, бұл өсу мен дамудың, қарым-қатынастың күшейіп, әлеуметтік мәртебесі артатын жыл болады.

Айдаһар – көзге түсетін, айбынды, асыл жаратылыс. Ол жарқырап, өзіне назар аударғанды жақсы көреді. Сондықтан, осы жыл ішінде кез-

2024 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ:

- *Қазақстан бірыңғай уақыт белдеуіне көшеді;
- *«Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылады;
- *Мектеп бітірушілер үшін ҰБТ форматына өзгерістер енгізіледі;
- *Жалақының ең төменгі мөлшері артады;
- *Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ұлғаяды;
- *Жалпыға бірдей декларациялаудың келесі кезеңі басталады.

жылына қатысты деректерді де келтіруді жөн санадық.

Айдаһар – беделді жануар, биліктің символы. Шығыс мәдениетінде бұл сабырлылық, икемділік, өзіне зиян келтірмей жағдайға бейімделу дегенді білдіреді. Сонымен қатар, аңыз бойынша бойында алып күші бар жалғыз тіршілік иесі делінген. Жаңбыр мен желді басқарып, егіннің бітік шығуына әсер ете алады, сондай-ақ, ол әлемде бейбітшілік орнатып, қоғамның өркендеп дамуына септігін тигізе алады. Айдаһардың күшті энергиясы позитивті, сол себепті оның басқаруындағы жыл да табысты әрі сәтті болады деп күтілуде.

Болжамға сүйенсек, биыл жоспар құру, оны орындау аса

келген көңілді басқосуларды, достармен кездесу, қонақ шақыруды дәстүрге айналдырғаныңыз жөн.

Болжамшылар жыл сәттілік, өркендеу, серпіліс әкеледі дейді. Өзіне сенімді, мақсатын анық жоспарлаған адамдар міндетті түрде жетістікке жетеді. Демек, кез-келген жаңа бастаманы қорқынышсыз бастау табысқа бастайды. Өйткені, шығыс күнтізбесіне сай, айдаһар – энергияның, өзіне деген сенімділіктің және сәттіліктің символы.

Қазақы наным-сенімге сай, жыл басы Наурыздан басталады. Алайда, күнпарақтың ауысар кезінде де жақсылықтарға сеніп, жаңа жыл, жаңа белесті ізгі ниет, шынайы тілекпен бастаған абзал. Сондықтан, әр күндеріңіз табысты, берекелі болсын!

Жаңа жыл жақсылығымен келсін!



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а.;

Қ.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.